

# Халықаралық ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ

Айдосова Айша

# ҰҒЫМЫ

Халықаралық экологиялық құқық жеке мемлекеттердің қоршаған ортасының ұлттық жүйелеріне және ұлттық юрисдикция әрекетінен тыс жердегі қоршаған орта жүйелеріне түрлі сипаттағы және түрлі қайнар көздерден келтірілетін залалдардың алдын алу және жою жөніндегі мемлекеттердің әрекеттерін қағидалар мен нормалар жиынтығын көрсетеді.

# Объектілер

Экологиялық құқықтың объектілері дегеніміз — айналадағы табиғи ортаны құрайтын, адамның тіршілік қажеттіліктеріне жұмсалатын табиғи ресурстар мен адамдардың экологиялық денсаулығы мен өмірін айтамыз.

құрлық, жер қойнауы,  
дүниежүзілік мұхит, аспан  
денелері, әуе кеңістігі, ғарыш  
кеңістігі,  
жердің өсімдіктер және  
жануарлар дүниесі;

Негізгі ластау көздері: а) өнеркәсіптік  
химиялық қалдықтар, ядролық қару,  
мұнай және газ, көлік құралдары;  
б) адамның құқыққа сай және  
құқыққа қайшы әрекеттері жатады.

# Субъектілер

- \* Шетелдік мемлекеттер — Қазақстанның табиғат ресурстарын пайдалану мәселелері бойынша экологиялық қатынастардың субъектілері болып табылады, республикаға табиғи ортаға келтірген залалы үшін жауап береді (шекаралық су объектілері бойынша бірлесіп су пайдалануы және т.б.).
- \* Заңды тұлғалар.
- \* Жеке тұлғалар

**Халықаралық экологиялық құқық халықаралық құқық субъектілеріне қоршаған ортаға әскери құралдарды пайдалану арқылы әсер етуге кімде кімге көмектесуге, қолдануға, түрткі болуға тыйым салады. Оған бейбіт мақсаттар үшін ғана рұқсат береді. Қоршаған ортаны қорғау мәселелеріндегі халықаралық ынтымақтастық мақсаттары мынадай:**

- \* адамды және оны қоршаған ортаның ауасын ластануды қорғау;
- \* мемлекеттік аумақтағы қайнар көздердің ауаны ластауын шектеу, қысқарту және оның алдын алу;
- \* ақпараттар, консультациялар, ғылыми зерттеулер және мониторинг алмасу арқылы ауаны ластаумен күресу стратегиясын жасау;
- \* ауа сапасын реттеудің және оны ластаумен күрес шараларының ең жақсы жүйесін жасау;
- \* кез келген қайшы әрекеттерге тыйым салу және алдын алу бойынша кез келген заңды шараларды қабылдау.

# Жүйесі

- \* Экология құқығының жүйесі әдістемелік жағынан екіге бөлінеді: жалпы бөлім және ерекше бөлім.
- \* Экологиялық құқықтың жалпы бөлімінде экологиялық құқықтың мәселелері, табиғи ресурстардың жағдайын көрсететін қоғамдық қатынастар және бүкіл табиғат ресурстарына мемлекеттің меншік құқығы туралы мәселелер қаралады.
- \* Ал ерекше бөлімде табиғи ресурстарды қорғау және пайдаланудың мемлекеттік-құқықтық механизмі және табиғат объектілерінің жеке жағдайлары қаралады.

# Қоршаған ортаны халықаралық – қорғаудың арнайы қағидалары да бар:

- \* Мемлекеттік шекарадан тыс қоршаған табиғи орта бүкіл адамзат игілігі болып табылады. Бұл қағида 1967ж. ғарыш туралы Келісімшартта (IXб.), 1982ж. теңіз құқығы бойынша БҰҰ Конвенциясында (континенталдық шельфтің шегінен тыс кеңістік пен теңіз түбінің қорларына қатысты) (XI бөлімі) бекітілген.
- \* Қоршаған ортаны және оның компоненттерінің зерттеу және пайдалану еркіндігі. Барлық мемлекет және халықаралық үкіметаралық ұйымдар қандайда болмасын дискриминациясыз қоршаған ортада құқыққа сай бейбіт ғылыми қызметпен айналысуына құқылы. Бұл қағида 1959ж. Антарктика туралы Келісімшартта (II б.), 1967ж. ғарыш туралы Келісімшартта (2б.), 1982ж. теңіз құқығы бойынша БҰҰ Конвенциясында (XIIIб.), 1979ж. Ай туралы Келісімде бекітілген

\* Қоршаған ортаны ұтымды пайдалану. Табиғи ресурстарды эксплуатациялау барынша тұрақты деңгейде жүзеге асырылуы тиіс. Мемлекеттер табиғи ресурстарды өндіру және қайта өңдеу бойынша тиімді шараларды жүзеге асыруға міндетті. Бұл 1958ж. ашық теңіздің балық алу және оның тірі ресурстарын қорғау туралы Конвенциясында; 1973ж. жағалу қауіпі төнген жабайы фауна мен флораның түрлерінің халықаралық саудасы туралы Конвенцияда; 1979ж. көшіп-қонушы түрлерін қорғау бойынша Конвенция;

\* Қоршаған ортаны ластауды болдырмау. Қоршаған ортаны зерттеу және пайдалану кезінде мемлекеттер тосінді және өзге де заттарды қоршаған ортаның заласыздандыру мүмкіндігінен асып кететіндей мөлшерде және концентрацияда шығармаулары тиіс. Бұл қағида 1979ж. үлкен арақашықтықта ауаны трансшекаралық ластау туралы Конвенцияда, 1982ж. теңіз құқығы бойынша Конвенцияда (XII бөлімде), 1972ж. теңізді қалдықтар мен басқа да материалдарды төгумен ластауды болдырмау бойынша Конвенцияда, 1977ж. әскери немесе табиғи ортаға кез келген өзге де ықпал ету құралдарын қастықпен пайдалануға тыйым салу туралы Конвенцияда және т.б. халықаралық келісімшарттарда қарастырылған.



\* Қоршаған ортаны зерттеуде және пайдалануда халықаралық ынтымақтастыққа жәрдемдесу. Қоршаған ортаны сақтаумен байланысты халықаралық проблемаларды барлық елдердің ынтымақтастығы, тең құқылық және өзара пайда негізінде шешу қажет, сондай-ақ қоршаған ортаға жағымсыз әсерлерді және табиғи қорларды өңдеп шығаруды азайту және болдырмау мақсатында шешу қажет. Бұл қағида қоршаған ортаны халықаралық қорғаудың негізгі қағидаларының бірі болып табылады және барлығына дерлік келісімшарттарда бекітілген, мысалы, 1976ж. Тынық мұхитының оңтүстік бөлігіндегі табиғатты қорғау туралы Конвенцияда; 1980ж. Антарктиканың теңіздік тірі ресурстарын сақтау туралы Конвенцияда, 1982ж. теңіз құқығы бойынша БҰҰ Конвенциясында бекітілген.

\* Қоршаған ортаның сақталуы үшін халықаралық жауапкершілік.

Қоршаған ортаны және оның компоненттерін зерттеуде және пайдалануда мемлекеттермен бірге халықаралық ұйымдар, заңды тұлғалар, қоғамдық ұйымдарда қатысуы мүмкін. Бірақта кез келген жағдайда да қоршаған ортаға зиян келтіргені үшін тек мемлекеттер ғана тартылады. Бұл қағида 1982ж. теңіз құқығы бойынша БҰҰ Конвенциясында, арнайы конвенцияларда, мысалы, 1963ж. ядролық зиян келтіргені үшін азаматтық жауаптылық туралы Вена Конвенциясында, 1981ж. ядерлік материалдарды теңізде тасымалдау облысындағы азаматтық жауаптылық туралы Конвенцияда бекітілген

# Халықаралық экологиялық құқықтың қайнар көздері

- \* Қоршаған ортаны қорғау мәселелері жөніндегі арнайы көпжақты алғашқы конференция 1972 ж. Стокгольмде шақырылған болатын. Ол БҰҰ-ның қоршаған орта жөніндегі Бағдарламасының (ЮНЕП) жүзеге асуына жол ашып берді.
- \* БҰҰ ұйымының бас ассамблеясының XXVII сессиясында “Қоршаған орта саласындағы халықаралық ынтымақтастық жөніндегі
- \* Қаржылық шаралар” деген қарар қабылданды. Кейінірек, 1975 жылы Хельсинки Қорытынды актісінде “Экономика, ғылым, техника және қоршаған орта саласындағы ынтымақтастық” деген арнайы бөлім пайда болды.

Хельсинкидегі Қорытынды акті қарастырылып отырған саладағы ынтымақтастық мақсаттарын айқындап берді. Оларға:

Қоршаған орта проблемаларын зерттеу, қоршаған орта проблемаларының кешенді ғылыми амалдарын дамытуды қолдау;

Фактілерді жинауда және саралауда пайдаланылатын тәсілдерді салыстыру және үйлестіру арқылы қоршаған ортаны қорғау жөніндегі ұлттық және халықаралық шаралардың тиімділігін арттыру

Қоршаған ортаның ластану проблемалары мен табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану жөніндегі білімдерді арттыру

Қоршаған орта саласындағы мақсатқа сай болатын және оларды үйлестіру мүмкіндігіндегі саясатты жақындастыру үшін барлық қажетті шараларды қабылдау

Қоршаған ортаны қорғау, жақсарту, оның жай күйін бақылауға арналған құрал-жабдықтарды жасау, өндіру, жетілдіру

\* 1979 жылы Женевада кеңес өткізілді, онда мынадай құжаттар жасалды:

\* атмосфералық ауаны едәуір қашықтықта шекарааралық ластау туралы Конвенция; бұл конвенция күшіне енгенге дейін атқарылатын шаралар туралы қарар; аз қалдықты және қалдықсыз технология мен қалдықтарды пайдалану туралы декларация.

\* 1992 ж. Маусым айында Рио-де-Жанейрода

БҰҰ-ның қоршаған орта және даму жөніндегі Конференциясы шақырылды. Қоршаған орта және экономикалық дамудың өзара әрекеттестік мәселелері, Жердің экожүйесін сақтау және қорғау мақсатындағы ғаламдық әріптестік үшін жағдайлар жасау сияқты негізгі мәселелер күн тәртібіне қойылды.

- \* 1992 жылы халықаралық экологиялық құқықтың маңызды қайнар көздері қабылданды, атап айтқанда:
- \* Қоршаған орта және даму жөніндегі Рио декларациясы;
- \* Биологиялық алуан түрлілік туралы Конвенция. ХХІ ғасырдың Күн тәртібі қабылданды.
- \* Жалпы құзыретті халықаралық ұйымдар қоршаған орта мәселелерімен айналысады. Оларға БҰҰ, оның мамандандырылған мекемелері жатады. 1972 ж. БҰҰ Бас Ассамблеясының қарарымен БҰҰ-ның қоршаған орта жөніндегі Бардарламасы (ЮНЕП) жасалды.

# Халықаралық ұйымдарды қарастыратын өкілеттігіне байланысты былай жіктеуге

болады:

Тек қоршаған орта мәселесімен айналысатын ұйымдар;

Табиғаттың жекеленген объектілерімен айналысатын ұйымдар (жер, су, космос, атмосфералық ауа және т.б.)

Шарттарды реттеу пәніне байланысты үшке бөлуге болады: 1) Қоршаған ортаны қорғауға жанама қатысы бар шарттар; 2) Қоршаған ортаны қорғаудан басқа бірақ, кейбір табиғи объектілер мен ресурстарға қатысы бар шарттар; 3) Тұтастай қоршаған ортаны қорғауға байланысты шарттар;

# Ұйымдар

- \* **ВВФ** - ғаламшар тоғайларын қорғаудың халықаралық интернационалды жастар қоры; Даниядағы жастардың «жасылдар қозғалысы» - Некст стол .
- \* **Гринпис («Жасыл әлем»)** - Бүкіл дүниежүзілік табиғат қорғау ұйымы. 1970 жылы құрылған. **17 мемлекетте топтары бар, 2,5 млн адам мүше.**
- \* **«Робин Вуд»** - германиялық жастардың «қышқыл жаңбырларға» қарсы күрес жүргізетін экологиялық қоғамы.
- \* **ФАО** - Біріккен Ұлттар Ұйымының ауыл шаруашылық және азық-түлік проблемаларымен айналысатын органы. Өзінің тікелей міндетінен басқа жануарлар дүниесі мен ормандарды қорғау ісімен және қоғамдық табиғатты қорғау ұйымдары мен ұлттық парктердің қызметкерлерінің білімі мәселесімен айналысады.
- \* **ВОЗ** - Бүкіл дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы. Ғаламшардағы адамдардың денсаулығын сақтау, қоршаған ортаны қорғау мәселесімен және медициналық қызметкерлердің білімімен айналысады.
- \* **МСОП** - Халықаралық табиғатты қорғау және табиғат ресурстары ұйымы.
- \* **ВФОП** - Бүкіл дүниежүзілік табиғатты қорғау қоры. Дүниежүзілік фауна мен экожүйен сақтау проблемасымен айналысады; халықаралық жастар курсы, лагерьлер мен табиғат қорғау клубтарын және т. б. шараларды ұйымдастырады.

Басқа мамандандырылған мекемелер, мысалы ИМО,ИКАО,

- \* МАГАТЭ, теңіздің , әуенің қоршаған орталарын, энергияны қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз етуге икемделген.
- \* Адамдар өмірінің нақты жағдайларын , денсаулықты,жұмыс күшін, қоршаған ортаны жақсарту мәселелері тұтастай алғанда БДҰ, ЮНЕСКО,ХЕҰ қызметтерінде қарастырылады.



\* Экологиялық мониторинг (лат. монитор – еске салатын, қадағалайтын) – антропогендік және табиғи факторлардың әсерімен қоршаған ортаның жай-күйіне бақылау, бағалау және болжау жүйесі. Мониторингтің негізгі принципі – үздіксіз бақылап отыру. Экологиялық мониторинг экологиялық бақылаудың тек бөлігі ғана емес, ол сонымен бірге бағалауды және болжауды жүргізеді, сондай-ақ бір қызметті қоршаған табиғи ортаның жай-күйі туралы қажетті ақпаратпен қамтамасыз етеді. Содан кейін мониторингтің түрлері қарастырылады. Аумақтық шегіне байланысты экологиялық мониторингтің үш сатысы бар: жергілікті, аймақтық және жаһандық.

- \* Жергілікті мониторинг деңгейінде төмендегідей көрсеткіштерді бақылау неғұрлым маңызды болып табылады:
- \* 1. Адам мен табиғи экожүйелерге қауіпті ластаушы заттардың концентрациясы:
  - \* а) атмосфералық ауада көміртегінің, азот тотықтары, күкірт қос тотығы, озон, шаң, радионуклидтер, пестицидтер, ауыр металдар және т.б.
  - \* б) судың бет жағындағылар: пестицидтер, ауыр металдар, радионуклидтер, РН, минералдану, фенолдар, мұнай өнімдері, фосфор, азот, бенз(а)пирен;
  - \* в) топырақта: ауыр металдар, пестицидтер, радионуклидтер, азот, фосфор, мұнай өнімдері және т.б.
  - \* г) биотада: ауыр металдар, пестицидтер, радионуклидтер және т.б.
- \* 2. Зиянды физикалық әсер етудің деңгейлері: радиация, шу, діріл, электромагниттік өріс және т.б.
- \* 3. Биосфераның ластануы, әсіресе тұмысынан кемістіктер салдарынан болатын аурудың динамикасы.

\* Аймақтық мониторинг деңгейіне ірі табиғи-аумақтық кешендер экожүйелерінің (орман экожүйелерінің, өзен бассейндерінің, агроэкожүйелердің және т.б.) жай-күйіне бақылау жасау жатады, сондай-ақ биологиялық айналымдар, олардың бұзушылықтары зерттеледі, бір аймақтардағы қоршаған ортаға антропогенді әсер етудің сипаты мен сандық көрсткіштеріне талдау жүргізіледі. Мысалы, аймақ шегінде жануарлыардың жойылып бара жатқан түрлерінің популяциялық жай-күйіне бақылау жасалады.

\* Жаһандық мониторингтің негізгі мақсаттары болып табылатдар:

– адам денсаулығына төнетін қауіптің алдын алудың кеңейтілген жүйесін ұйыстырады.

– климатқа атмосфераның жаһандық ластануының әсерін бағалау;

– биологиялық жүйелерде, әсіресе қоректік тізбектерде ластанудың мөлшері мен бөлінуін бағалау.

– қоршаған ортаға әсер ететін жерүсті экожүйелерінің реакциясы;

– ауыл шаруашылығы қызметі мен жерді пайдаланудың нәтижесінде пайда болатын күрделі проблемалары;

– Әлемдік мұхитты ластауға және теңіз экожүйесін ластанудың әсері;

– халықаралық ауқымдағы стихиялық апаттар туралы алдын ала ескерту жүйесін құру.

# Семей ядролық полигоны

Еліміздің тарихындағы ең қайғылы парақтардың бірі - Семей ядролық сынақ полигонының өмірге келуі Алғашқы атомдық жарылыс дауысы 1949 жылы тамыздың 29-ы, таңғы сағат 7-де естілді. Семей ядролық полигоны ауданында 450-ден астам жер үсті және жер асты ядролық сынақтарының өткізілуі нәтижесінде атмосфераға, гидросфераға және литосфераға өте үлкен мөлшерде радиоактивті материалдар шығарылды. Тек Семей ядролық полигонының ғана емес, соған жақын жатқан орасан үлкен аумақтар да радиоактивті ластануға ұшырады. Соның нәтижесінде сол аумақтағы көптеген тірі ағзалар және тұрғын халықтар зардап шекті. Семей ядролық полигонындағы сынақтардың жалпы саны 456 ядролық және термоядролық жарылысты құрады. Олардың 116-сы ашық болды, яғни жер бетіндегі немесе әуе кеңістігінде жасалды. Семей полигонында әуеде және жер бетінде сынақтан өткізілген ядролық зарядтардың жалпы қуаты 1945 жылы Хиросимаға тасталған атом бомбасының қуатынан 2,5 мың есе көп болды. 1949 жылғы 29 тамызда түп-тура таңғы сағат жетіде көз ілеспес жылдамдықпен ұлғайып бара жатқан отты доп кенеттен Жер денесіне қадалып, оны шарпып өтіп, аспанға көтерілген. Отты шардан соң, сұрапыл қуат пен көз қарастырап сәуле бас айналдырып жібергендей бір сәтте жер қабығының ыстық күлі мен иісі көкке көтерілген. Жер лыпасының өртең иісі қолқа атар түгіннің ащы иісін қолдан жасалған жел әп-сәтте жан жаққа таратты. Таяу жерлердегі сирек ауылдарда тұратын адамдар дір ете түскен жер мен жарты аспанды алып кеткен от-жалынға таңырқап, үйлерінен қарап тұрған.

\* Халықтың бастамасымен тұңғыш рет КСРО Үкіметі ядролық қаруды сынауға тыйым салу – мораторий жасау туралы шешім шығарды. Қазақстан Республикасының егемендігі туралы Декларацияда ел ауағы ядросыз аймақ деп жарияланды. Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев Семей полигонын жабу туралы Жарлық шығарған күні – 1991 жылдың 28 тамызы. Сөйтіп тиянақтылық пен елімталдық көрсеткен қазақ халқы өз мақсатына жетті: ең үлкен полигон жабылып, атом қаруынан бас тарту әрекеті жасала бастады. Семей полигоны жабылғаннан кейін Ресейдің, АҚШ пен Францияның полигондарында ядролық қаруды сынауға мораторий жарияланды. 1991 жылдың 29 тамызында Семей ядролық полигоны жабылып, 1992 жылдың мамырында оның базасында Курчатov қаласындағы Ұлттық ядролық орталық құрылды.

# Каспий теңізінің экологиялық проблемасы

- \* Каспий теңізінің алып жатқан географиялық орнына байланысты (шөл зонасы) еліміздің шаруашылық саласында атқаратын маңызы өте зор. Сонымен қатар сол маңдағы шөлді алапқа ылғал әкелуші су айдыны ретінде де үлкен рөлі бар. Солтүстігіне құятын Еділ өзенінде бөгендердің салынуы, мұнай кәсіпшілігінің өркендеуі теңіздің экологиялық жағдайын нашарлатты. Соңғы жылдары бұл аймақ мұнай мен газды өндірудің маңызды экономикалық ауданына айналды. Теңіз деңгейінің көтерілуіне байланысты бұл аймақ табиғи апат жағдайына ұшырады. Табиғи қорларын игеруде де, бұл аудандағы табиғат компоненттерінің өзгеруіне байланысты мынадай проблемалар туындауда:
  - \* экологиялық апатты аймаққа жататындықтан, негізгі әрекет етуші Капустин Яр, Азғыр полигонының ұзақ уақыт бойы жұмыс істеуіне байланысты тұрғын халықтардың денсаулығының күрт нашарлауы;
  - \* мұнай мен газдың өндірілуіне байланысты тіршілік дүниесінің өзгеруі, балықтардың (бекіре) қырылуы, уылдырық шашатын көксерке балықтарының кеміп кетуі;
  - \* осы теңізге ғана тән (эндемикалық) итбалықтың мезгіл-мезгіл қырылуы;
  - \* аңызак жерлердің шаруашылыққа тигізетін кері әсері (жел эрозиясы).

# Аралдың экологиялық проблемасы

Бұл проблеманың тууына себепші болған - адам әрекеті. Ұзақ жылдар бойы Аралға құятын ірі өзендер Әмудария мен Сырдарияның суын теңізге жеткізбей, түгелдей дерлік егістіктерді (мақта, күріш) суландыруға пайдаланылып келді. Буланушылық дәрежесі жоғары болатын шөл зонасында орналасқан теңіз суының көбірек булануы оның тартылуына әкеп соқты. Қазіргі кезде Арал теңізі екі су айдынына **Үлкен және Кіші теңізге** бөлінген. Арал теңізіндегі суы тартылған бөліктің ауданы 30 мың км<sup>2</sup> жетеді. Ғалымдардың есептеуі бойынша, теңіз табанынан атмосфераға жылына **200 млн тоннаға дейін** тұзды шаң-тозаң ұшады. Теңіз суының шегінуінен оның жағалауындағы *800 гектар тоғай, жануарлар дүниесі жойылып*, теңіз айналасы бұл күнде тіршілігі жоқ құмды, сортаң жарамсыз жерлерге айналды. Теңіз суының тартылуынан мұнда теңдесі жоқ Барсакелмес қорығы жойылды. Бұл өзгерістер өз кезегінде сол аймақ тұрғындарының денсаулығына кері әсерін тигізді. Аралды сақтап қалуға арналған Халықаралық қордың құрылғанына 15 жыл толды. Осы жылдар аралығында атқарылған жұмыстар аз емес. Аралды қалпына келтіру үшін көптеген іс-шаралар қаралып, жобалар жасалды. Кіші аралдың оңтүстігіне ұзындығы 12 км болатын Көкарал бөгені салынды. Соның салдарынан Кіші Аралдың (Солтүстік) деңгейі 42 метрге, аумағы 800 шаршы километрге ұлғайды. Суы тартылып қалған тұзды көлдің табанын жауып, көлге тіршіліктің нышаны енді. Ғалымдардың айтуынша Аралдан ұшқан тұзды дауылдың бір ұшы Гренландия мұздықтары мен Норвегияның орманды алқабына да жеткенін дәлелдеген еді.